| ҮҚ | **Қазақ тілі 10,12.10.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Менің сүйікті достарым. Балаларды жаңа тақырыппен таныстыру. Жаңа сөздерді үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Сөздер: Дос, адам, ән, музыка, тыңдау.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер. бейнеролик |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Достар, бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | Балалармен олардың достары , бос уақыты туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен достарыңыз бен, бос уақыт туралы туралы әңгімелесеміз.<br>**Дидактикалық ойын:«Суреттерді құрастыр»** Өткен тақырыпты есттеріне түсіру мақсатында үстел, орындық , текше, асық суреттерінен мозайкаларды жинап, олардың атауларын айтқызу.<br>**Жаңа сөздермен жұмыс.**<br>**Дос- адам**<br>**Ән-тыңдау**<br>**Музыка-тыңдау**<br>Педагог балаларға балабақшанынсуретін көрсетіп, сұрақтар қояды.<br>– Мынау не? – Бұл –балабақша.<br>– Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді.<br>– Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнап жүр.<br>– Саған балабақшада көңілді ме? – Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым.<br>– Аян, сен кіммен ойнайсың?<br>-Аян, Артем сенің досың ба?<br>– Иә.<br>-Менің досым – Артем.<br>– Артем, Арлан достар қалай ойнайды?<br>– Достар тату ойнайды.<br>– Біз Аян екеуміз доспыз, тату ойнаймыз.<br>– Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды).<br>**Дидактикалық ойын: «Өзіннің досын туралы әңгімеле»**. Балалармен өздері туралы және достары туралы әңгімелеу.<br>**Сергіту сәті.**<br>Зеңгір көктем, нұрын төккен,<br>Ортақ біздің гүліміз,<br>Жайнап өскен, жайдары өскен,<br>Біз өмірдің гүліміз.<br>Бал достыққа, жолдастыққа<br>Шақырады әніміз.<br>Тыныштықта, нұр құшақта<br>Бақыттымыз бәріміз. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 17,19.10.2023 ж**

Әдіскер: А.Ж.Жумашева